

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСТАМАЛАР – 2022» ОБЛЫСТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже келесі мақсаттарда озық педагогикалық тәжірибені анықтауға бағытталған:

- білім беру қызметтерін жеткізушілерді кеңінен тарту арқылы инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау;

- тиімді педагогикалық тәжірибені облыстың барлық педагог қызметкерлерінің игілігіне айналдыру;

- басқару және педагогикалық кадрларды қызметтің жаңа әдістерін қабылдауға бағдарлау, дәстүрлі педагогикалық ойлау стилін өзгерту (тьюторлық, мобильділік, шығармашылық ізденіс, жаңашылдық);

1.2. Осы Ереже жобаларды (тәжірибе презентациялары) қорғау нысанында байқаудың мақсаттарын, міндеттерін, тәртібін және ұйымдастырылуын айқындайды;

1.3. Конкурсты ұйымдастыру үшін Павлодар облысының Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы (бұдан әрі ББДИО) қызметкерлерінен, ЖОО (жоғары оқу орны) өкілдерінен, тәжірибелі педагогтерден тұратын Қазылар алқасы құрылады;

1.4. Конкурсты ұйымдастырушы: Павлодар облысы білім беру басқармасының «Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ.

Конкурстың қазылар алқасы:

- ұсынылған тәжірибені (презентацияларды) облыстық конкурстың соңғы сатысында бағалайды;

- озық педагогикалық тәжірибені қорғаудың (ОПТ) соңғы сатысының барлық қатысушыларына бірыңғай талаптарды қамтамасыз етеді;

- конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

2. «Педагогикалық бастамалар» конкурсының қатысушылары (тиімді педагогикалық жобаларды қорғау)

2.1. Конкурсқа қатысушылар: оқыту мен тәрбиелеудің тиімді модельдерін іске асыру бойынша жұмыс тәжірибесі, авторлық және бейімделгіш бағдарламалары, әдістемелерді енгізу бойынша тәжірибесі бар, педагогикалық процесті ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін жүзеге асыратын, функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастыруды оқытудың тұрақты жоғары нәтижелерін қамтамасыз ететін барлық үлгідегі білім беру ұйымдарының басшылары мен педагог қызметкерлері.

2.2. Соңғы 3 жылдың жеңімпаздары конкурсқа қатыспайды.

2.3. Командалық жұмыстар қабылданбайды

2.4. Жарияланған мерзімнен кейін келіп түскен жобалар қаралмайды.

2.5. Ереже бойынша ресімделмеген материалдар қаралмайды (осы Ереженің 6-тармағын қараңыз).

3. Конкурстың мақсаты мен міндеттері:

3.1. Конкурстың мақсаты:

- білім берудің жаңа сапасына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесі ретінде озық тәжірибені анықтау, педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

3.2. Міндеттері:

- білім беру сапасын арттыруға бағытталған зерттеу қызметіне, білім беру мекемелеріндегі педагог қызметкерлерді жаңаша жұмысқа, педагогикалық ізденіске, білім берудегі инновацияларға бастамашы болуға тарту және ынталандыру;

- педагогикалық еңбек рефлексиясын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету (жеке және ұжымдық консультациялар, аудит, курстық қайта даярлау және кәсіби шеберлікті арттырудың басқа да нысандары, тәжірибені сипаттау);

- Павлодар облысы педагог қызметкерлерінің педагогикалық ақпарат қорын жаңарту және толықтыру

4. Өткізу тәртібі мен мерзімі:

4.1. Педагогикалық тәжірибені қорғау 2 кезеңде өткізіледі:

1-кезең – іріктеу (сараптамалық) – **2022 жылғы 7-11 қараша аралығында.**

2-кезең – ОПТ (озық педагогикалық тәжірибе) қорғау (тәжірибе презентациясы), тікелей (оффлайн) форма – **2022 жылғы 23 қараша.**

5. Конкурстың оқу-әдістемелік материалдарының мәтіндерін ресімдеу

Ұсынылған материалдар E-Portfolio электрондық порталында жүктеледі:

- формат – А4, мәтіндік редактор - Microsoft Word, қаріп – Times New Roman, қаріп өлшемі – 14, жол – 2 см, барлық жағынан;

- беттердің нөмірлері-араб сандарымен, беттің төменгі жағында, ортасында тура тұрады, титулдық парақ жалпы нөмірлеуге қосылады, бірақ онда нөмір көрсетілмейді;

- жоларалық интервал-бір.

- Мәтін бөлімдер мен бөлімшелерге бөлінеді. Оларға араб цифрларымен белгіленген реттік нөмірлер беріледі. Мәтіндегі бөлімдердің атаулары тақырып түрінде жасалады. Бөлімнің тақырыбы бас әріптермен теріледі, 14 қалың қаріппен бөлініп, ортасына орналастырылады. Негізгі мәтін тақырыптан бос жолмен бөлінеді. Кіші бөлімдердің тақырыптары азат жолдан басталады. Тақырыптардың соңында нүкте қойылмайды.

Тақырыптардың астын сызып керек емес. Әр бөлімді жаңа парақтан бастау қажет.

- Мазмұнда материал басталатын парақтардың нөмірлері көрсетіле отырып, бөлімдердің, кіші бөлімдердің тақырыптары рет-ретімен санамаланады.

- Иллюстрациялар «*Сурет*» сөзімен белгіленеді және бөлім шетінде нөмірленеді. Иллюстрацияның нөмірі бөлім нөмірінен және нүктемен бөлінген иллюстрацияның реттік нөмірінен тұруы тиіс.

- Қосымшалар жұмыстың ең соңында мәтінде көрсетілген ретпен орналастырылады. Әр қосымша жаңа парақтан басталады. Парақтың оң жағында «*Қосымша*» сөзі жазылады және араб санымен белгіленеді, мысалы, «*1-қосымша*».

- Жалпы жұмыс көлемі мен қосымшалар көлемі шектелмеген. Қосымшалар мәтінге сәйкес келуі тиіс (мәтінде оларға сілтеме жасау міндетті).

- Мәтінде пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер тік жақшада берілуі керек.

- Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде келесі мәліметтер көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты, атауы, шыққан жері, баспасы, шыққан жылы, беттері.

6. Ұсынылатын ІТ-нің мазмұнды бағыттылығы:

6.1. Ұсынылатын педагогикалық тәжірибе материалы келесі бағыттардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- білім берудің жаңа мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің модельдерін, білім беру сапасын басқару және бағалау жүйесін тәжірибелік тексеруді талдау; авторлық әзірлемелердің сипаттамасы;

- оқыту мен тәрбиелеуде, педагогикалық ұжымдарды басқаруда жаңа тәсілдерді, заманауи педагогикалық технологияларды апробациялау және енгізу; оқу-әдістемелік кешендерді тәжірибелік тексеру мен апробациялауды сипаттау, атап айтқанда:

- оқу үдерісін, оқыту әдістемелерін технологияландыру (оқу-тәрбие үдерісінің тәсілдері, әдістері мен формаларының жүйесі);

- инфокоммуникациялық технологияларды пайдалану, білім беру қызметіндегі ЭОӘК (эксперименталды оқу-әдістемелік кешен);

- әдістемелік-дидактикалық әзірлемелер, бейімделген және авторлық бағдарламалар, құралдар (олармен жұмыс тәжірибесінің сипаттамасымен);

- қолданылатын технологиялар сипатталған пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;

- қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселелері бойынша педагогтердің, ұжымдардың инновациялық қызметінің сипаттамасы;

- жалпы білім беру мекемелерін басқарудың мемлекеттік-қоғамдық сипаттағы тәжірибесі.

6.2. тәжірибе мазмұны бойынша төмендегідей болуы қажет:

- өзекті;
- перспективті;
- инновациялық, жаңалықпен ерекшеленетін;
- нәтижелі және оқудың, жүйелі-қызметтік және жеке нәтижелердің тұрақты жоғары көрсеткіштерін беруі қажет (кемінде 3 жыл);
- тәжірибені шығармашылық қолдану және тарату мүмкіндігі (практикалық маңыздылығы);

6.3. жоба қосымшалармен сүйемелденуі тиіс:

- рецензияланған болуы;
- әдістемелік әзірлемелермен және ұсыныстармен (тәжірибеде қолданылатын педагогикалық технология қадағалануы тиіс);
- тәжірибе нәтижелілігін растайтын бейнематериалдар мен басқа да құжаттармен және материалдармен.

6.4. Негізгі бет төмендегілерді қамту қажет:

- автордың Т.А.Ә.;
- біліктілік санатын;
- лауазымы, жұмыс өтілі;
- мекеме атауын;
- жұмыстың атауын;
- тәжірибе жинақтау жылын.

6.5. Тәжірибе сипаттамасында төмендегілер болуы қажет:

- зерттелетін мәселенің тәжірибеде өзектілігі мен перспективалылығын, оның практикалық маңыздылығын негіздеу;
- тәжірибенің теориялық базасы;
- озық педагогикалық идея;
- тәжірибе жаңалығы, инновациялылығы;
- жұмыста жоғары нәтижелерге, тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік берген технологиялар; оңтайлылық (осы жағдайларда ең аз шығындар);
- нәтижелілік: дамуында оң сапалық және сандық өзгерістер (оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың бастапқы деңгейімен салыстырғанда);
- шығармашылық қолдану мүмкіндігі;
- қосымшалар.

6.6. Материал **көлемі** машинамен басылған мәтіннің қосымшаларымен бірге 40 парақтан аспауы тиіс; Конкурсқа бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады.

6.7. Педагог жұмысының түпнұсқалығын тексеруден өткенін растайтын білім беру мекемесі басшысының қолы қойылған құжат (антиплагиаттың онлайн сервистері 80% - дан кем емес). Егер педагогтің жұмысының бірегейлігі 80% - дан кем болған жағдайда, E-portfolio электрондық порталында конкурсқа қатысуға өтінім қабылданбайды.

6.7. Қорғауға ұсынылған педагогикалық тәжірибе материалдары

ББДИО педагогикалық ақпаратының электрондық банкіне енгізіледі.

7. Ұсынылған жұмыстарға сараптама жүргізу:

7.1. Конкурстың облыстық кезеңіне қатысуға өтінімдерді қабылдау ағымдағы жылдың 5 қарашасына дейін жүзеге асырылады. Конкурстың облыстық кезеңіне қатысуға өтінімді E-Portfolio электрондық порталы арқылы беру қажет (<https://pvl.eportfolio.kz>). Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген құжаттар тіркелмейді.

7.2. Ұйымның басшысы қол қойған іріктеу турына қатысу үшін өтінімі (аудандық/қалалық кезең хаттамасы негізінде) келесілерді қамту қажет:

- білім беру ұйымының атауы, жұмыстың атауы (тақырыбы), автор туралы ақпарат (толық Т.А.Ә., лауазымы, жұмыс өтілі, байланыс телефондары, email, сараптама үшін тәжірибе материалдары).

7.3. Сараптама кезеңінде қазылар алқасы үшін жобалардың авторлары туралы ақпарат жабық болып табылады.

7.4. Осы кезеңде педагогикалық тәжірибе материалдарын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

№	Критерийлер	Көрсеткіштер	Ұпайлар
I	Тәжірибенің өзектілігі мен пайдалылығы, оның мақсаттылығы	а) облыс/қала/аудан үшін тәжірибенің өзектілігі мен пайдалылығының негіздемесі бар;	3
		б) білім беру мекемесі үшін тәжірибенің өзектілігі мен пайдалылығының негіздемесі бар;	2
		в) автор үшін тәжірибенің өзектілігі мен пайдалылығының негіздемесі бар;	1
		г) өзектілігі, пайдалылығы мен мақсаттылығы негізделмеген	0
II	Тәжірибе жаңалығы мен бірегейлігі	а) тәжірибе облыс/қала/аудан үшін жаңа және бірегей болып табылады;	3
		б) тәжірибе білім беру мекемесі үшін жаңа және түпнұсқа болып табылады;	2
		в) тәжірибе автор үшін жаңа және түпнұсқа болып табылады;	1
		г) жаңалығы мен бірегейлігі жоқ	0
III	Практикалық іске асыру	а) тәжірибе толық іске асырылды, нәтижелермен расталған;	3
		б) тәжірибе аяқталды;	2
		в) тәжірибе апробациясы жүріп жатыр;	1
		г) тәжірибені практикалық іске асыру байқалмайды	0

ІҮ	Тәжірибе нәтижелері тиімділігі мен	а) мақсатқа қол жеткізілді, нәтижесінің айқын перспективасы бар;	3
		б) мақсатқа қол жеткізілді, оң нәтиже дәлелденді;	2
		в) мақсатқа толық қол жеткізілмеген, нәтиже болмашы немесе теріс әсері бар;	1
		г) тәжірибе нәтижесі мен тиімділігі бақыланбайды	0
Ү	Қол жеткізілген нәтижелердің тұрақтылығы	а) нәтижелердің айқын көрінген динамикасы көрсетілген;	3
		б) қол жеткізілген нәтижелердің тұрақтылығы көрсетілді;	2
		в) қол жеткізілген нәтижелердің динамикасы көрсетілмеген;	1
		г) нәтижелер берілген тақырыпқа сәйкес келмейді немесе ұсынылмаған	0

7.6. Осы кезең бойынша шешім қазылар алқасының хаттамасымен ресімделеді, оған қазылар алқасының төрағасы және қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

8. Қорытындылау

8.1. Педагогикалық қызметкерлердің конкурсқа қатысу қорытындыларын «Педагогикалық бастамалар» конкурсының финалында қазылар алқасы шығарады.

8.2. Озық педагогикалық тәжірибені қорғау қорытындысы бойынша Ұйымдастыру комитеті облыстың білім беру мекемелерінің педагогикалық қызметкерлерінің инновациялық педагогикалық тәжірибесінің ақпараттық қорын құру туралы ұсыныстар әзірлейді, материалдар жинағын шығарады.

8.3. Қазылар алқасының сараптамалық бағасы үздік жұмыс үшін – 95-100% (14-15 балл) құрайды.

8.4. Қазылар алқасының сараптамалық бағалауынан 95-100% (14-15 балл) өткен қатысушыларға Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының (ББДИО) сертификаты беріледі.

8.5. Конкурс жеңімпаздары республикалық «Педагогикалық бастамалар фестиваліне» жіберіледі.

9. Қаржыландыру

9.1. Аудандық/қалалық кезең аудандық/қалалық білім беру бөлімдерімен ұйымдастырылады және қаржыландырылады

9.2. Финалға қатысушылардың іссапар шығындары жіберуші тараптың есебінен төленеді.

10. Қорытынды ереже

10.1. Барлық мәселелерді, соның ішінде осы Ережеде көрсетілмеген мәселелерді Ұйымдастыру комитеті қалыптасқан жағдайға қарай және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешеді.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:

Павлодар қ., Мир көш., 22А, Павлодар облысы білім беру басқармасының «Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ

Байланыс телефоны: 8 (7182) 66-02-42

**«Педагогикалық бастамалар» облыстық жобасын қорғаудың
I кезеңіне қатысу туралы өтінім**

	№
	Аудан/қала
	Мекеменің ағауы
	Оқыту тілі
	Тегі, аты-жөні
	Туған жылы
	Лауазымы
	Еңбек өтілі
	Санаты
	Тәжірибе тақырыбы
	Мақсаты
	Үлгілі педагогикалық тәжірибенің қорытындысы (тәжірибемен бөліскен жері)
	Тәжірибемен бөлісуі қандай формада жоспарланған
	Деңгей (мектеп, аудан, қала, облыс)
	Электронды мекенжайы, байланыс телефоны

